ОБНОВЛЕНИЕ ВОКЗАЛОВ – ЭТО ПРЕЖДЕ ВСЕГО ЗАБОТА О ЛЮДЯХ. С 2025 ГОДА СТРОИТЕЛЬНО-МОНТАЖНЫЕ РАБОТЫ ВЕДУТСЯ НА 121 ОБЪЕКТЕ ПО ВСЕЙ СТРАНЕ. НАШ ГЛАВНЫЙ ПРИОРИТЕТ – КОМФОРТ И БЕЗОПАСНОСТЬ ПАССАЖИРОВ. МЫ ПОСЛЕДОВАТЕЛЬНО УЛУЧШАЕМ КАЧЕСТВО ОБСЛУЖИВАНИЯ И СОЗДАЕМ СОВРЕМЕННЫЕ УСЛОВИЯ ДЛЯ ПУТЕШЕСТВИЙ, ЧТОБЫ КАЖДЫЙ ПАССАЖИР ЧУВСТВОВАЛ ЗАБОТУ С МОМЕНТА ПРИБЫТИЯ НА ВОКЗАЛ И ДО ОКОНЧАНИЯ ПОЕЗДКИ.

Мурат ТОРЕГЕЛЬДИН,
заместитель председателя правления АО «НК «ҚТЖ»




# ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КӨЛІК-ЛОГИСТИКАЛЫҚ БАСЫЛЫМ
1931 ЖЫЛДЫҢ 12 МАМЫРЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ

№52 (3199)
10/07/2026


## ҚТЖ ПАРКІ ЖАҢА ЛОКОМОТИВТЕРМЕН ТОЛЫҚТЫ

**Маусым айы ҚТЖ үшін табысты болды. Локомотив паркі Alstom және CRRC компаниялары шығарған 50 заманауи локомотивпен толықты. Тартымдық жылжымалы құрамның бұл кезекті партиясы аймақтардағы локомотив деполарын айтарлықтай жаңартқаны анық.**

**Бекзат МҰҚАШЕВ,**
Астана

Локомотив паркін кезең-кезеңімен жаңарту ҚТЖ-ның кешенді жаңғырту бағдарламасының бір бөлігі болып табылады. Жаңа техника тасымалдау процесінің сенімділігін, пойыздар қозғалысының қауіпсіздігін және тартушы жылжымалы құрамның пайдалану тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Маусым айында келген 50 локомотивтің үлкен партиясы Қандыағаш және Жем локомотив деполарына, әрқайсысына 17 бірліктен берілді. Тағы 9 локомотив Ақтоғай локомотив депосына, 6 локомотив Астана локомотив депосына және 1 локомотив Балқаш локомотив депосына жеткізілді.



Айта кету керек, заманауи үлгідегі машиналарда локомотив бригадалары үшін қолайлы еңбек жағдайларын жасауға ерекше көңіл бөлінген. Кабиналар заманауи климаттық бақылау жүйелерімен, тоңазытқыштармен, тамақты жылыту құрылғыларымен, машиниске арналған эргономикалық орындықтармен және жеке заттарды сақтауға арналған орындармен жабдықталған. Локомотивтердің конструкциясында пайдалану шығындарын азайтуға және техникалық қызмет көрсетуді жеңілдетуге бағытталған заманауи техникалық шешімдер қолданылған.

Қазақстан темір жолына биылғы жыл басынан бері алты айдың ішінде барлығы 134 бірлік жаңа локомотив жеткізілді. Олардың қатарында Wabtec және CRRC магистральдық тепловоздары, Alstom электровоздары, сондай-ақ CRRC маневрлік тепловоздары бар. Жаңа локомотивтер бүгінде Астана, Қызылорда, Қарағанды, Атырау, Маңғыстау, Павлодар, Мақат, Екібастұз, Жем, Қандыағаш, Ақтоғай және Балқаш локомотив деполарында пайдалану жұмыстарына жегілген.

*Суретті түсірген*
*Александр ЖАБЧУК*

### РУЛОННАЯ СТАЛЬ НА ЭКСПОРТ

**В морском порту Актау возобновлена перевалка рулонной стали производства АО «Qarmet». Возобновление поставок стало возможным в рамках проводимой портом Актау работы по диверсификации грузовой базы порта и расширению номенклатуры экспортных грузов.**

На сегодняшний день на территории порта накоплено порядка 8 300 тонн металлопродукции. Первая судовая партия объемом 3 000 тонн будет отправлена уже в первой декаде июля 2026 года по маршруту ТМТМ.

В целом на июль текущего года заявленный объем составляет 12 700 тонн стали, а до конца текущего года планируется отправка порядка 50 000 тонн продукции.

Стоит отметить, что ранее, в период с 2008 по 2012 год, через порт Актау переваливалось до двух миллионов тонн стали в год. В дальнейшем перевозки были приостановлены в связи с изменением конъюнктуры внешних рынков.

Возобновление экспортных поставок свидетельствует о востребованности морского маршрута для перевозки отечественной металлопродукции. Это также способствует укреплению экспортного потенциала Казахстана и развитию международных транспортно-логистических связей по Транскаспийскому международному транспортному маршруту.

*Асель ШАЙХЫНОВА*



**Мадияр САТТЫБАЕВ,**
«Integra Construction KZ» ЖШС аталатын компанияның Бас директоры:

«БІЗДІҢ БАСТЫ ҰСТАНЫМЫМЫЗДЫҢ БІРІ – ӨЗІМІЗ ЖАУАПКЕРШІЛІГІМІЗГЕ АЛҒАН ҚҰРЫЛЫСТАРДЫ УАҚЫТЫНДА, ТІПТІ ЕРТЕ, ТОЛЫҚҚАНДЫ АЯҚТАУҒА ТЫРЫСУ. ЖОЛ ҚҰРЫЛЫСЫМЕН ШЕКТЕЛІП ҚАЛМАЙ, ТҮРЛІ САЛАДА БАҒЫМЫЗДЫ СЫНАП КӨРУДЕМІЗ. КАСПИЙ ТЕҢІЗІ ЖАҒАЛАУЫНДА ҚҰРЫҚ ПАРОМ КЕШЕНІ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫН ТҮЗІП, ЖЫЛДЫҚ ӨТКІЗУ ҚАБІЛЕТІ 240 МЫҢ ЖИЫРМА ФУТТЫҚ КОНТЕЙНЕР БОЛАТЫН АҚТАУ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОНТЕЙНЕРЛІК ХАБЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫН МЕРЗІМІНЕН БҰРЫН АЯҚТАДЫҚ»

### ЦИФРЫ ГОВОРЯТ:

БОЛЕЕ
**6 млн**
ПАССАЖИРОВ ПЕРЕВЕЗЕНО ПОЕЗДАМИ КТЖ.

СВЫШЕ
**1 000**
НАСТАВНИКОВ ПЕРЕДАЮТ ПРОФЕССИОНАЛЬНЫЙ ОПЫТ МОЛОДЫМ СПЕЦИАЛИСТАМ КТЖ.

БЛАГОДАРЯ ПРОФЕССИОНАЛИЗМУ ЛОКОМОТИВНЫХ БРИГАД ПРЕДОТВРАЩЕНО
**30**
ДТП НА ПЕРЕЕЗДАХ.

Проект

## АЛМАТЫ ВСТРЕТИЛ ТУРИСТОВ ИЗ КИТАЯ

**В Алматы прибыл необычный международный поезд. Он доставил около 60 путешественников из Китая. Путешествие началось 29 июня в древнем китайском городе Сиань. Масштабный проект запустили по поручению Главы государства. Его цель – развивать железнодорожный туризм и показывать всему миру красоты Казахстана.**

**Жаныбек КЕНЕС,**
Алматы

Туристы пересекли границу на станции Алтынколь (Хоргос). Там их уже ждал комфортабельный состав, который специально подготовило АО «Пассажирские перевозки».

Для этого рейса железнодорожники разработали особое расписание. Поезд ехал так, чтобы гостям было максимально удобно, а пересадка на границе прошла быстро и без суеты.



На вокзале Алматы зарубежных гостей встретили с особым теплом и заботой. Для многих из них этот тур стал историческим событием в жизни. Один из китайских туристов поделился своими первыми эмоциями: «Дорога прошла очень комфортно и без каких-либо трудностей. Поезд Казахстанских железных дорог, на котором мы ехали, оказался современным и хорошо оборудованным. Это делает его очень удобным для путешественников. По прибытии на вокзал нас встретили очень тепло и гостеприимно. Нам здесь очень понравилось! Поскольку для большинства участников нашей группы это была первая туристическая поездка за границу, все были очень рады и счастливы. Большое вам спасибо!».

Иностранные туристы провели в Алматы несколько дней. Для них приготовили насыщенную экскурсионную программу. Они смогли увидеть главные достопримечательности мегаполиса, оценить природную красоту предгорий Заилийского Алатау. Домой путешественники отправились 6 июля по тому же маршруту через станцию Хоргос.

### БАҒЫТТАМАЛЫ БҰРМАЛАР ЖАҢАРУДА

**«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ «Магистральдық желі дирекциясы» филиалында бағыттамалы бұрмаларды жоспарлы ауыстыру жұмыстары жалғасуда.**

Бұл жұмыстар теміржол инфрақұрылымын жаңғырту бағдарламасы аясында жүзеге асырылып, пойыздар қозғалысының қауіпсіздігі мен сенімділігін арттыруға бағытталған.

Жыл басынан бері теміржол желісінде 466 бағыттамалы бұрма ауыстырылды. Жыл соңына дейін барлығы 1 018 бағыттамалы бұрманы жаңарту жоспарланған. Қазіргі таңда жылдық жоспардың 46%-ы орындалды.

Бағыттамалы бұрмаларды уақытылы жаңарту – теміржол инфрақұрылымын күтіп ұстау жүйесінің маңызды бағыттарының бірі. Бұл жұмыстар жол шаруашылығының сенімді жұмысын қамтамасыз етіп, қозғалыс қауіпсіздігін сақтауға және пойыздардың үздіксіз қатынауына мүмкіндік береді. Жөндеу жұмыстары бекітілген кестеге сәйкес жүргізілуде және белгіленген мерзімде толық аяқталады.

*Ислам ТАЛҒАТ*

## ЖЫЛЖЫМАЛЫ ҚҰРАМ ЖЕТКІЛІКТІ

ВАГОН ШАРУАШЫЛЫҒЫ

**Жүк вагондарының ұлттық операторы «Қазтеміртранс» АҚ вагон паркін жаңарту және толықтыру жұмыстарын жүйелі түрде жүргізуде. Осы арада басты назар жаңа жылжымалы құрамды сатып алуға және қолданыстағы парктің техникалық дайындығын сақтауға аударылып отыр.**

**Сұлугүл БАКЕСОВА,**
Астана

Мәселен, паркті жаңарту аясында 2023-2025 жылдары ҚТТ компаниясы «Қазақстан вагон жасау компаниясы» ЖШС-інен отандық өндірістегі 3 000 ашық вагон сатып алған болатын. Бұл вагондар әлеуметтік маңызы бар жүктерді, оның ішінде көмір, құрылыс материалдары және басқа да жаппай тасымалданатын жүктерді тасымалдауға жұмылдырылды.

Сонымен қатар компания паркті кезең-кезеңімен одан әрі толықтыруды жоспарлап отыр. Айталық, 2027-2031 жылдар аралығында 13 000 бірлік жылжымалы құрамды сатып алу көзделген. Оның ішінде 10 000 ашық вагон, 2 100 жабық вагон және 900 астық тасымалдаушы вагон.

«Қазтеміртранс» АҚ ерекше көңіл бөліп отырған бір бағыт – жоспарлы және ағымдық жөндеу түрлерін уақытылы жүргізу. Бұл жылжымалы құрамның тұрақты жұмысын қолдауға, тасымалдау процесінің сенімділігін арттыруға және жүк жөнелтушілердің өтінімдерін орындауға мүмкіндік беріп отыр. Осындай іс-шаралар арқасында көмір тасымалы қызған шақта ашық вагондар тапшылығы байқалмай отыр.

Айта кетейік, «Қазтеміртранс» АҚ өткен жылыту маусымының қорытындысы бойынша көмір тасымалдауда оң нәтижелерге қол жеткізді. 2025-2026 жылдардағы жылыту маусымында ел аумағында 28,2 млн тоннадан астам көмір тасымалданған. Оның 20,4 млн тоннасы жылу электр орталықтарының қажеттілігіне бағытталса, 7,8 млн тоннасы коммуналдық-тұрмыстық сектор мен кәсіпорындарға жеткізілген.

Қазақстан көмірінің негізгі экспорттық бағыттары әдеттегідей Ресей Федерациясы мен Орталық Азия елдері болып отыр. Ресей аумағы арқылы тасымалдар әлемдік нарықтарға одан әрі экспорттауды қамтамасыз ететін Лужская, Тамань және Выборг теңіз порттары бағытында жүзеге асырылады. Бұл бағыттағы орташа айлық тасымалдау көлемі шамамен 4,5 мың вагон, ал Орталық Азия елдері – Өзбекстан, Қырғызстан және Тәжікстан бағытында орташа айлық көлемі шамамен 750 вагон жөнелтілімін құрайды.

Десе де, атап өтер жайт, соңғы жылдары экспорттық ағындардың қайта бөлінуі байқалып, баламалы маршруттарға, оның ішінде Қытай және Орталық Азия елдері бағыттарына қызығушылық біртіндеп артып келеді. «Қазтеміртранс» АҚ қажетті ашық вагондар паркін қамтамасыз етіп, ұлттық компаниямен бірлесіп барлық негізгі экспорттық бағыттар бойынша тасымалдауға сұранысты уақытылы қанағаттандыру жөнінде шаралар қабылдауда.

(Жалғасы 2-бетте)

### НАДЕЖНАЯ ПЕРЕВОЗКА УГЛЯ

**АО «Қазтеміртранс» приступило к подготовке вагонного парка к работе в осенне-зимний период. Приоритетной задачей остается обеспечение стабильной перевозки социально значимых грузов, прежде всего каменного угля, в ходе отопительного сезона 2026-2027 годов.**

С приближением холодного времени года объем перевозок традиционно увеличивается, поэтому подготовительные работы проводятся заранее. Это позволит обеспечить надежную эксплуатацию подвижного состава в период пиковых нагрузок и своевременную доставку угля потребителям.

В рамках подготовки реализуется комплекс технических и организационных мероприятий. Грузовые вагоны проходят плановые и текущие ремонты, специалисты проводят проверку их технического состояния и готовности к эксплуатации в зимних условиях.

Всего ремонтно-профилактическими работами планируется охватить свыше 28 тысяч грузовых вагонов.

Комплекс принимаемых мер направлен на повышение надежности перевозочного процесса и бесперебойное обеспечение регионов страны углем в течение предстоящего отопительного сезона.

*Айлин БАУРЖАН*

rail-news.kz

№52 (3199) 10/07/2026

## ЖЫЛЖЫМАЛЫ ҚҰРАМ ЖЕТКІЛІКТІ

*(Соңы. Басы 1-бетте)*

ҚТТ мамандары көмір тасымалын ұйымдастырудағы негізгі сын-қатерлер жылыту маусымының ең қызған кезеңіне сәйкес келетінін айтады. Бұл уақытта ЖЭО, коммуналдық-тұрмыстық сектор және халық тарапынан сұраныс бір мезгілде артады. Осы кезеңде жылжымалы құрамды уақытылы беру, көмір разрездерінде тиеудің біркелкілігін қамтамасыз ету, сондай-ақ ашық вагондарды бағыттар бойынша тиімді бөлу маңызды. Осыған орай, өтінімдердің шоғырлануына және тиеудің бір бағытта шамадан тыс жиналуына жол бермеу үшін «Қазтемір-транс» АҚ уәкілетті мемлекеттік органдармен, жүк жөнелтушілермен және жүк алушылармен бірлесіп алдын ала дайындық жұмыстарын жүргізіп келеді. Алдын ала жоспарлау нәтижесі – вагондарға деген қажеттілікті айқындауға, ашық вагондар паркін бөлуге және әлеуметтік маңызы бар жүкті тұрақты тасымалдауды қамтамасыз етуге мүмкіндік беріп отыр.

Вагон паркінің техникалық дайындығы назардан тыс қалған емес. Вагондарды уақытылы жөндеу, жарамды техникалық жай-күйін сақтау және тасымалдау процесінің барлық қатысушыларын үйлестіру тұрақты жұмыстың негізгі шарттары болып табылады.

Бүгінде «Қазтеміртранс» АҚ алдағы 2026-2027 жылғы жылыту маусымына дайындық аясында вагон паркінің үздіксіз жұмысын қамтамасыз етуге бағытталған ұйымдастыру және техникалық іс-шаралар кешенін жүргізуде. Вагондарды техникалық жарамды күйде ұстау, сондай-ақ жоспарлы және ағымдық жөндеу жұмыстарын уақытылы жүргізу мақсатында Қоғам тиісті сатып алу рәсімдерін өткізді. Олардың қорытындысы бойынша жөндеу кәсіпорындарымен шарттар жасалды. Аталған кезеңде 28 000-нан астам вагонды жөндеу жоспарланып отыр. Бұл күзгі-қысқы кезеңдегі тасымалдарға жылжымалы құрамның қажетті техникалық дайындық деңгейін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

## ТӘЛІМГЕРЛІК МЕКТЕБІ ДАМЫТЫЛАДЫ

**Ұлан ОРАЗ,**
Астана

ЖОБА

**ҚТЖ-да жас теміржолшыларға кәсіби білім мен практикалық тәжірибе беруге бағытталған тәлімгерлік жүйе қайта жандануда.**

Бүгінгі таңда компанияда 1000-нан астам жоғары білікті маман тәлімгерлік функцияны орындауда. Бұл – еңбек жолын жаңадан бастаған жастардың өндіріске тезірек бейімделуіне, технологиялық процестердің ерекшеліктерін тереңірек түсінуге және кәсіби дағдыларды сенімді игеруге көмектеседі.

Тәлімгерлер жас қызметкерлерді кәсіби қалыптасу кезеңінде көмектесіп, әдістемелік және практикалық қолдау көрсетеді, қажетті құзыреттерді дамытуға және өндірістік қызметке тиімді интеграциялауға ықпал етеді.

Жастар кадрлық резервіне қатысушыларға ерекше көңіл бөлінеді. Бағдарламаның 161 қатысушысына олардың кәсіби, басқарушылық және тұлғалық дамуына жәрдемдесетін 137 тәжірибелі тәлімгер бекітілді.

Тәлімгерлік қызметтің сапасын арттыру үшін тәлімгерлер көшбасшылық, педагогикалық және коммуникациялық құзыреттіліктерді, сондай-ақ практикалық тәжірибені берудің заманауи әдістерін дамытуға бағытталған мамандандырылған үш модульді оқытудан өтеді.

## ҚЫРАҒЫЛЫҚ – ҚАРУЫ

**Шахида ЖҰМАН,**
Маңғыстау

ҚАУІПСІЗДІК

**Сайөтес станциясындағы вагондарға техникалық қызмет көрсету пунктінің вагон қараушысы Еділ Дабысбаев қауіпті ақауды анықтады.**




1-ші шілде күні кезекті ауысымдағы жұмысын атқарып жүрген 5-дәрежелі вагон қараушы-жөндеуші Маңғыстау бағытынан келген құрамның вагон доңғалағынан оғаш дыбыс естиді. Темірге балғамен соққан дыбыстан «диагноз» қойып үйренген жігіт тізбекте төртінші тұрған 94299658 нөмірлі вагонда бұл тарсылдың өзгешелеу естілгенін байқайды. Анықтап қарап, букс торабының салқын күйде ығысуын байқайды. Тиісті басшылардың қатысуымен тексере келе букс торабы 17 мм ығысқаны белгілі болды.

– Бұл ақаулық мінездемесі бойынша қозғалыс қауіпсіздігіне қауіп төндіріп, вагонның жолдан шығуына әкелуі мүмкін қауіпті ақауға жатады. Вагон дереу құрамнан ағытылып, жөндеу тұйығында жұп доңғалағы ауыстырылады. Вагон Маңғыстаудан Алтынкөлге бара жатқан, жүксіз жайдақ вагон еді. Еділ Дабысбаев бізде 2022 жылдан бері жұмыс істейді, тәжірибесі толысып келеді, өте қырағы жігіт, бәрін байқайды, бүгін міне, қауіпті ақауды анықтап отыр, – дейді Сайөтес техникалық қызмет көрсету пунктінің басшысы Манарбек Жаңбырбаев.

*Суретті түсірген автор*

Сұхбат

# ЖҮК ТАСЫМАЛЫ – ЭКОНОМИКАНЫҢ СЕНІМДІ ДАМУ БАҒЫТЫ



**Теміp жол – ел экономикасының күретамыры болса, сол болат жолда табысқа қол жеткізуде жүк тасымалының алар орны ерекше. «ҚТЖ» ҰК» АҚ еншілес компаниясы «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС Бас директоры Асан Үмбетовпен өткен жылдардағы жетістіктер, серіктестіктің бүгіні мен болашаққа жоспары туралы сұхбаттастық.**

**– Асан Ізтілеуұлы, серіктестік өткен жылды қандай көрсеткіштермен аяқтады?**

– 2025 жылғы жұмыс қорытындысы бойынша «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС-де тарифтік жүк айналымы 274 852,9 млн т-км неттоны құрап, жоспардағы көлемнен 6,1% асып, 2024 жылғы деңгейге қарағанда 11,2% өсті. Тасымалдау көлемі 293 318,1 мың тоннаны құрады, бұл алдыңғы жылға қарағанда жоспардан 4,4% және 6,6% артық. Айта кету керек, 2024 жылғы деңгейге ең үлкен өсім транзиттік қатынаста байқалды, яғни тарифтік жүк айналымы +19,6%, жүк тасымалы +20,3% болды. Тасымалдау көлемінің өсу үрдісі биыл да сақталуда. Биылғы 5 айда серіктестік бойынша тарифтік жүк айналымы 118 466 млн т-км құрады, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 8,3% өсім. Тасымалдау көлемі 121 658 мың тонна деңгейінде орындалды, бұл 2025 жылғыдан 5,5% жоғары. Биылға компания алдына қойылған негізгі міндет – транзиттік қатынаста тасымалдау көлемін 55 млн тоннаға дейін (2025 жылғы деңгейге +65%) жеткізу.

**– Қазіргі таңда цифрландыру барлық салаға дендеп еніп, жұмыстың алға басуына септік етуде. Осы ретте қандай цифрландыру жобалары жүзеге асырылуда?**

– Соңғы жылдары компанияда бизнес-процестерді автоматтандыруға, операциялардың ашықтығын және тасымалдау процесін басқарудың тиімділігін арттыруға бағытталған бірқатар негізгі цифрландыру жобалары іске асырылды. Маңызды жобалардың бірі – келісімшарттық және коммерциялық жұмысты басқарудың автоматтандырылған жүйесін енгізу. Жүйе теміржол тасымалын ресімдеуге және тасымалдау процесіне қатысушылардың өзара іс-қимыл процестерін автоматтандыруға арналған. Платформаны енгізудің арқасында тасымалдың едәуір бөлігі электрондық форматқа ауыстырылды, бұл өтінімдерді өңдеу жылдамдығын арттыруға, қағаз құжат айналымын қысқартуға және операциялардың ашықтығын қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Сондай-ақ ЭДТ АБЖ жобасы (Энергодиспетчерлік тартым), яғни теміржол көлігінде электр энергиясы мен дизель отынын тұтынуды есепке алу мен бақылаудың автоматтандырылған жүйесі іске асырылды. Жүйе нақты уақыт режимінде деректерді автоматтандырылған жинауды, талдауды және бақылауды қамтамасыз етеді, бұл энергия тиімділігін арттыруға, пайдалану шығындарын оңтайландыруға және локомотив паркінің ресурстарын пайдалануды бақылауды жақсартуға ықпал етеді.

**– Жүк тасымалының қандай процестері толықтай цифрлық форматқа ауыстырылды?**

– Қазіргі уақытта, атап айтатын болсақ: теміржол жүкқұжатын электронды түрде ресімдеу, жүктерді тасымалдауға өтінімдерді қабылдау және өңдеу, теміржол әкімшіліктері мен тасымалдау процесіне қатысушылар арасында электрондық деректер алмасу, онлайн режимде вагондарды тасымалдау және орналастыру мәртебесін қадағалау, тасымалдау және қосымша қызметтер үшін есеп айырысуды автоматтандыру, цифрлық деректер негізінде талдамалық және басқарушылық есептілікті қалыптастыру, локомотивтердің борттық жабдықтарынан деректерді автоматты түрде жинау, әрбір рейс бойынша отын шығыны мен электр энергиясының онлайн-мониторингі, дизель отынын тұтыну және энергия тұтыну бойынша талдамалық есептілікті қалыптастыру процестері сандық форматқа ауыстырылды.

**– Алдағы 3-5 жылда қандай цифрлық жобаларды енгізу жоспарлануда?**

– Бүгінгі таңда компанияда тасымалдау процесін цифрландыруға, локомотивтерді пайдалану тиімділігін арттыруға және операциялық шығындарды азайтуға бағытталған бірқатар негізгі іт-жобалар іске асырылуда, мысалы: «Trip Optimizer» жүйесі – жүйе круиздік бақылау қағидаты бойынша жұмыс істейтін пойызды автоматтандырылған жүргізудің зияткерлік жүйесі. Жүйе жолдың профилін, құрамның массасын, жылдамдық шектеулерін талдайды және пойыздың оңтайлы режимін есептейді. Екінші: «Smart локомотив және депо» жобасы – локомотивті мониторингілеудің, диспетчерлік қызметпен қамтудың және қозғалысты басқарудың өтпелі контурына қосуды қамтамасыз ететін тасымалдау процесінің негізгі цифрлық элементі.



**– Кадр жасақтау, жас мамандарды тарту бағытында қалай жұмыс жүргізесіздер?**

– Біздің компанияда жас мамандарды қолдау мен дамытуға көп көңіл бөлінеді. Ол үшін «ҚТЖ-100 жас есім» және «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма төрағасының «Жастар кадрлық резерві» сияқты корпоративтік бағдарламалар іске асырылуда. Осы бағдарламалардың қатысушылары кәсіби даму, түрлі форматтағы оқыту, мансаптық өсу, сондай-ақ компания басшылығы тарапынан қолдау мүмкіндіктеріне ие болады. Бағдарламаның негізгі мақсаты – теміржол саласының болашақ басшылары мен негізгі мамандарын даярлау, келешегі зор жас мамандарды дамыту. Бағдарлама шеңберінде 43 қатысушы Жастар кадрлық резервіне алынды. Бағдарламаны іске асыру қорытындысы бойынша 18 қызметкер жоғары лауазымдарға жылжытылды және қазіргі уақытта кәсіби даму мен тәжірибе жинақтауды жалғастыруда.

Бұдан басқа «ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниясы мен М. Тынышпаев атындағы көлік-логистика университеті арасында ынтымақтастық туралы меморандум жасалған, соның шеңберінде оқу орнының түлектері конкурсқа қатыспай-ақ компанияның бос орындарына жұмысқа орналаса алады. Бұл перспективалы жас кадрларды тартуға және олардың салаға табысты бейімделуіне ықпал етеді.

**– Бүгінгі таңда Қазақстанда теміржолдағы жүк тасымалы алдында қандай негізгі сын-тегеуріндер тұр?**

– Қазақстан теміржолының жүк тасымалы үшін басты сын-қатер – жүк жөнелтушілер үшін сервистің жоғары сапасын сақтай отырып, тасымалдау көлемінің тұрақты өсуін қамтамасыз ету. Қазақстан – Қытай, Орталық Азия, Ресей, Кавказ және Еуропа арасындағы маңызды транзиттік көпір болып қала береді, сондықтан теміржол инфрақұрылымына жүктеме үнемі артып келеді.

Транзиттік әлеуетті дамыту үшін халықаралық көлік дәліздерінің өткізу қабілетін ұлғайту, жеткізу мерзімін қысқарту және қазақстандық маршруттардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру қажет. Транзиттік тасымалдар көлемі қатынастардың басқа түрлеріне қарағанда жылдам өсуде, бұл Қазақстан арқылы транзиттің қажеттілігін көрсетеді. Сондай-ақ көрші мемлекеттердің теміржолдарымен жұмысты үйлестіру маңызды рөл атқарады, бұл бүкіл желінің тиімділігіне тікелей әсер етеді.

**– Компания тасымалдау көлемінің өсуіне және инфрақұрылым жүктемесінің артуына орай қалай әрекет етуде?**

– 2025 жылдың қорытындысы бойынша «ҚТЖ» ҰК» АҚ бойынша жүк айналымы 288, 8 млрд ткм құрады. 2026 жылғы қаңтар-мамыр нәтижелері бойынша 123,0 млрд.ткм-ге жетті, бұл 8,7 млрд ткм-ге немесе өткен жылдың ұқсас кезеңінің көрсеткішінен 7,7% артық (2025 жылғы қаңтар-мамыр – 114,3 млрд ткм). Тасымалдау көлемінің өсуі және теміржол инфрақұрылымына жүктеменің ұлғаюы жағдайында «ҚТЖ» ҰК» АҚ желінің өткізу және тасымалдау қабілетін арттыруға бағытталған шаралар кешенін іске асырады. Өткен жылы Жетіген–Қазыбек бек айналма желісі бойынша жүктерді тасымалдау қызметі ашылды, ол Алматы теміржол торабына түсетін жүктемені 40% азайтады және жүктерді жеткізу уақытын 24 сағатқа дейін қысқартады.

Биыл Дарбаза–Мақтаарал, Мойынты–Қызылжар жаңа желілерінде жұмыс қозғалысын іске қосу жоспарлануда. Қытаймен үшінші теміржол өткелін ашатын Бақты–Аягөз желісінің құрылысы жалғасуда. Бұдан басқа қазіргі уақытта 5 мың км жаңа теміржол салу бағдарламасы шеңберінде 7 инфрақұрылымдық жоба іске асырылуда, ол автоблоктаудың заманауи жүйелерін енгізуді және жалпы ұзындығы 3 000 км учаскелерді жаңғыртуды көздейді.

Оның шеңберінде екінші жолдар, жаңа бөлек пункттер салу, сұрыптау жүйелерін дамыту (Ақсу–Жаңа-Семей, Алтынкөл–Жетіген, Қызылжар–Сексеуіл, Қандыағаш–Тобыл, Шалқар учаскелері бойынша – Бейнеу, Бейнеу–Маңғыстау және Никельтау–Әлімбет) т.б. бар. Жоба барысында Жезқазған, Сексеуіл, Шалқар, Бейнеу, Жаңа-Семей, Алтынкөл, Қандыағаш, Никельтау – 8 ірі тораптық станцияны жаңғырту да көзделеді. Жұмыстарды жүргізу кестесіне сәйкес іске қосу жұмыстары учаскелердің 33%-ында аяқталды. Бұдан басқа тасымалдың өсуін ескере отырып, 2030 жылға дейін бекітілген бағдарламалар арқылы 184 станция мен 9 сұрыптау жүйесін дамыту жоспарлануда, оның ішінде 40 жоба жүзеге асырылды және 24 жоба бойынша жұмыс істеліп жатыр.

Инфрақұрылымға түсетін жүктеменің артуына байланысты локомотив паркін жаңарту жұмыстары да жүргізілуде. 2010 жылы Alstommen («ЭКЗ» ЖШС) жасалған келісімшарт шеңберінде 2026-2028 жылдары 97 локомотив, оның ішінде 84 жүк және 13 жолаушы электровозын жеткізу көзделген, бүгінде 21 локомотив жеткізілді, оның ішінде 13 жүк және 8 жолаушы электровозы. Бұдан басқа 2025 жылы жасалған келісімшартқа сәйкес 2029-2036 жылдар кезеңінде 205 алты осьті электровоз жеткізу жоспарда бар. 2016 жылы жасалған Wabtec («ЛКЗ» АҚ) келісімшартының шеңберінде 2026 жылдың соңына дейін 64 локомотив, оның ішінде 53 жүк және 11 жолаушылар тепловозын жеткізу жоспарлануда. 14 жүк тепловозы жеткізілді. Сондай-ақ 2025 жылы жасалған келісімшартқа сәйкес 2027-2036 жылдар аралығында 300 тепловоз жеткізу көзделген.

**– Тасымалдың тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін қандай қадамдар жасалуда?**

– Теміржолдағы жүк тасымалының тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін бүгінде үш негізгі бағыт бойынша шаралар кешені іске асырылуда: жылжымалы құрамды жаңарту, тиеу жоспарын орындауды қамтамасыз ету және жүк және коммерциялық жұмысты цифрландыру.

Біріншіден, локомотив және вагон паркі белсенді түрде жаңартылуда. Жаңа локомотивтер тасымалдау процесінің сенімділігін арттыруға, техниканың істен шығу санын азайтуға және жүктердің уақытылы жеткізілуін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Тек 2026 жылы ғана ЖШС паркі түрлі сериялы ондаған жаңа локомотивтермен толықтырылды, сондай-ақ тартқыш жылжымалы құрамды жаңғыртудың ұзақ мерзімді бағдарламалары іске асырылуда.

Екіншіден, тиеу жоспарын орындауға және желінің өткізу қабілетін арттыруға көп көңіл бөлінеді. Ол үшін инфрақұрылым жаңғыртылып, қосымша жолдар мен разъездер салынып, станциялық қуаттар кеңейтілуде.

Үшіншіден, маңызды бағыт – жүк және коммерциялық жұмысты автоматтандыру. Тасымалдауды жоспарлаудың, вагон паркін басқарудың және тасымалдаулар үшін есеп айырысудың автоматтандырылған жүйелері енгізілуде.

Тұтастай алғанда, саланың міндеті – тасымалдау процесінің сенімділігін, тиеу жоспарының уақытылы орындалуын, экспорттық және транзиттік тасымалдардың одан әрі өсуін және заманауи технологиялар мен өндірістік активтерді жаңарту есебінен клиенттер үшін сервис сапасын арттыруды қамтамасыз ету.

**– Бүгінгі таңда «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС қандай даму бағыттарына басымдық береді?**

– Теміржолдағы жүк тасымалын дамытудың басым бағыттары компанияның стратегиялық мақсаттарымен айқындалады. Бірінші бағыт – қызметтің тиімділігін арттыру. Бұл тасымалдау процесін оңтайландыруды, уақыттың өндірістік емес ысыраптарын азайтуды, локомотив пен вагон паркінің өнімділігін арттыруды, тиеу-түсіру жоспарларын орындауды, сондай-ақ қолда бар ресурстарды ұтымды пайдалану кезінде тасымалдау көлемінің өсуін көздейді.

Екінші бағыт – клиентке бағдарлану. Бүгінде жүк жөнелтушілер сапалы тасымалдауды ғана емес, сонымен қатар сервистің жоғары деңгейін де күтуде. Сондықтан клиенттермен өзара іс-қимыл сапасын арттыру, тасымалдау процесінің ашықтығын қамтамасыз ету, жүктерді жеткізу мерзімдерін сақтау және тапсырыс берушілер үшін ыңғайлы сервистерді әзірлеу – маңызды міндеттер.

Үшінші бағыт – цифрландыру. Салада заманауи цифрлық технологиялар белсенді енгізілуде, тасымалдауды жоспарлау, тасымалдау құжаттарын ресімдеу, вагон паркін басқару және клиенттермен өзара іс-қимыл процестері автоматтандырылуда. Цифрландыру шешім қабылдаудың жеделдігін және тасымалдау процесін басқарудың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Төртінші бағыт – ESG принциптерін енгізу. Экологиялық жауапкершілік, әлеуметтік саясат және корпоративтік басқару мәселелеріне ерекше назар аударылады. Бұған қоршаған ортаға теріс әсерді азайту, кадрлық әлеуетті дамыту, қауіпсіз еңбек жағдайларын жасау және басқару процестерінің ашықтығын арттыру кіреді.

Бесінші бағыт – пойыздар қозғалысы мен еңбекті қорғаудың қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Қауіпсіздік теміржол саласының сөзсіз басымдығы болып қала береді. Ол үшін қауіпсіздікті басқару жүйесі жетілдірілуде, профилактикалық жұмыстар жүргізілуде, бақылаудың заманауи технологиялары енгізілуде және өндірістік тәртіп деңгейі артуда. Қауіпсіздік мәдениетін дамыту және еңбекті қорғау талаптарын сақтау арқылы қызметкерлердің өмірі мен денсаулығын сақтау да маңызды міндет.

**Райхан РАХМЕТОВА**

*Суреттерді түсірген Александр ЖАБЧУК*

# КАЗАХСТАН НАРАСТИЛ ПОСТАВКИ ЗЕРНА

ПЕРЕВОЗКИ

**С сентября 2025 года по июнь 2026 года Казахстан значительно увеличил экспорт зерна и муки в зерновом эквиваленте. По итогам 10 месяцев текущего маркетингового сезона за рубеж поставлено 13,1 миллиона тонн продукции, что на 13% превышает показатель аналогичного периода прошлого сезона, когда объем экспорта составил 11,6 миллиона тонн.**

**Айлин БАУРЖАН,**
Астана

Рост обеспечен прежде всего за счет увеличения поставок в традиционные страны-импортеры Центральной Азии и Афганистан. Наиболее существенная динамика отмечена в направлении Узбекистана, куда экспорт вырос на 38% – с 3,9 до 5,5 миллиона тонн. В Кыргызстан поставки увеличились в 1,4 раза – с 357 до 504 тысяч тонн, в Афганистан – на 59%, с 1,4 до 2,2 миллиона тонн. В Туркменистан экспорт вырос на 37% – со 150 до 205 тысяч тонн.

Увеличение объемов перевозок подтверждает высокий спрос на казахстанскую сельскохозяйственную продукцию на внешних рынках. Существенную роль в обеспечении экспортных поставок играет железнодорожный транспорт, который остается основным способом доставки зерновых грузов в страны Центральной Азии и Афганистан.

Стабильная работа транспортно-логистических коридоров в южном направлении позволяет обеспечивать своевременную доставку продукции потребителям и поддерживать устойчивые темпы внешней торговли. Положительная динамика также свидетельствует об эффективности принимаемых мер по развитию экспортной логистики, совершенствованию перевозочного процесса и расширению торгово-экономического сотрудничества Казахстана с зарубежными партнерами.

Рост экспорта зерна и продуктов его переработки остается одним из важных факторов укрепления экспортного потенциала агропромышленного комплекса страны и подтверждает значимую роль железнодорожной отрасли в обеспечении продовольственной безопасности и развитии международной торговли.



*Фото Александра ЖАБЧУКА*

# ПРАЗДНИК ДЛЯ ВАГОННИКОВ

КОНКУРС

**Традиционным конкурсом «Лучший осмотрщик вагонов» отметили илецкие железнодорожники профессиональный праздник работников вагонного хозяйства на базе Пункта технического осмотра вагонов станции Илецк.**

**Яна ЛЕНИНА,**
Илецк

